



Автор: Умбетова Дидар Адилбаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Бізді қоршаған әлем

Тақырып: Мен және табиғат. Ии дыбысы мен әрпі

Оқу мақсаттары	Әріпті тану , ажырату және оны дыбыспен сәкестендіру; Мәтінде автордың кім(не) туралы айтқысы келгенін түсіну; Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: ИИ дыбысы мен әрпін таниды, оны дауысты екенің, сөз басында, ортасында,соңында келетінін біледі,мәтіннің не туралы екенін түсінеді; Оқушылардың көпшілігі: Сюжеттегі суреттер арқылы берілген фильмнің тақырыбын анықтайды, оған ат қояды; Кейбір оқушылар: Тиін,тиын сөздерінің айырмашылықтарын табады. Ии әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазады.
Бағалау критерийлері	Сөздегі дыбыстардың түрлерін(дауысты/дауыссыз,жуан және жіңішке))анықтайды. Дыбыстарды дұрыс айтады Ии дыбысын ауада жазады Ии дыбысын дәптерге жазады
Тілдік мақсат	Тиек,ши,сирек,қиық,киім,ти Диалог: -Біз қай әріптің еліне келдік? - И дыбысының алдында қандай дыбыс бар? - Неліктен и әрпі дауысты дыбыстар қатарына жатады?
Құндылықтарды дарыту	Құрмет- оқулықтағы сөздерді оқыған кезде Ынтымақтастық- фильм көрген кезде Өмір бойы білім алу- «Ит адамның досы» тақырыбында әңгімелеу кезінде
Пәнаралық байланыстар	Әдебиеттік оқу- фильм туралы өз ойларын айтқанда
АКТ қолдану дағдылары	Интер белсенді тақта-фильм көрсету
Бастапқы білім	Ее,Кк,Үү дыбыстарды біледі,айтады жазады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5мин)	Оқушылардың зейінін шоғырландыру Шығар екен жасалып, Ал шырпыны төгіндер Құрастырып көріңдер Ұ:«Жасап көр» әдісі арқылы балалар шырпына алып А,Н,К,Ү,И дыбысын құрастырады Сонымен қандай әріп шықты балалар,бізге таныс емес әріп бар ма ішінде? И әрпі Ұ:Балалар сіздер И дыбысынан басталатын қандай сөздер білесіздер? Оқушылар жауабы тыңдалады. Олай болса, бүгін біз И дыбысы мен әрпін өтеміз. Ии дыбысы мен әрпімен танысады.И-дің дауысты екенін,оның сөз басында,ортасында,соңында келетінін білген оқушыға қызыл жұлдызша беремін Оқушылардың көпшілігі:Ии әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жаза алатын оқушыға сары жұлдызша беремін Сюжетті суреттер арқылы берілген фильмнің тақырыбын анықтай алған оқушыға жасыл жұлдызша беремін	Шырпы
---------------------------------	--	--------------

Сабақтың ортасы (25 мин 5-7мин 7-10мин 10-13мин 13-17мин 17-22мин 22-26мин 26-33мин)	МТ: «Әріптер әлеміне саяхат» әдісі бойынша И әріпінің еліне келу. Мақсаты: оқушылар өткен әріптердің бәрінен өтіп И әріпіне келіп тоқталады. Біз қай әріптің еліне келдік? И әріпінің еліне келдік Балалар И әріпінен басталатын қандай сөздер білесіздер? Балалардың жауабы тыңдалады. Оқушылаға и дыбысынан келетін сөз ойлату. И дыбысы сөздің басында, ортасында аяғында кездеседі. Енді сөздің ортасында И дыбысы кездесетін сөздер айта қойыңдаршы. Жарайсыңдар! Дескриптор: -И дыбысының артекуляциясын біледі -Талапқа сай айтады: и дыбысын айтқанда езу екі жаққа созылады, ерін жайылады. МК: И дыбысы дауысты, жіңішке. Артикуляциялық жаттығу жасату и дыбысын талапқа сай айтқызу Ж: Біз И әріпінің еліне келдік енді И әріпінің бізге тапсырмалары бар екен осы тапсырмаларды орындап көрейік балалар. И әріпі бізге оқулықтағы бірінші тапсырманы ұсынып отыр. Бұл жерде біз И әріпінен басталатын, сөздердің ортасында кездесетін сөздерді оқимыз. Оқылым, Қ. Баянбай Керек өленің оқыту. И әрпі кездесетін сөздерге буындық дыбыстық талдау жасату. Дескриптор: -өленді оқыту -буындық талдау жасату -дыбыстық талдау жасату Ө: Айырмашылықты тап: Тиін Барынша қолдауды қажет ететін балалар: Тиын, тиін сөздердің айырмашылығын табамыз Орташа қолдауды қажет ететін оқушыларға: Тиін мен тиын туралы әңгімелеу Аз қолдауды қажет ететін оқушыларға: Тиін сөзіне дыбыстық талдау жасау Балалардың жауабы тыңдалады. Ұ: Интербелсенді тақтадан фильм көрсету. Оқушылар фильмге ат қояды, «Ит адамның досы» деген тақырыпта әңгіме айтады. Мәтін кім не туралы? Неліктен ит адамға дос бола алады? Адамдар жануарлармен дос болуы мүмкін бе? Мәтін ұнады ма? Неліктен? Дескриптор: -Фильмге ат қояды; - Әңгімелейді; - Мәтін кім туралы екенін анықтайды; - Адамдар мен жануарлардың дос болуы туралы әңгімелейді; Ө: Енді балалар И дыбысын ең бірінші ауада жазып үйренейік. Жұмыс дәптеріміздегі Ии әріпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз көшіріп жазамыз. Бірінші бастырып жазамыз, сосын дәл сондай етіп дәптерімізге түсіреміз. Таза, түзу, жазу жолынан шығармай жазуға дағдыланамыз. Бағалау критерийі Дескриптор И дыбысының жазылуын үйренеді Ии дыбысын ауадан жазады; Бастырып жазады; Дәптерге жазады. Сергіту жаттығуы	Әріптердің суреттері Оқулық Тиіннің суреті Тиынның суреті Фильм Жұмыс дәптері
---	--	---

Сабақтың соңы (33-35мин 35-40мин)	Бағалау. Балалар өз-өздерің бағалайды. Жұлдызшаны кемпірқосаққа жабыстырады. -Өте жақсы көк түске -Жақсы сары түске -Нашар қызыл түске Кері байланыс - «Күн мен бұлт» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан алған көңіл күйлерімен бөліседі.Күн бүгінгі сабақтан алған әсерім керемет.Бұлт түсінбеген жерлерім бар. Рефлексия «Ұнады,қызықты болды» әдісі Мынау қандай дыбыс? (А) Жарайсыңдар! Мынау қандай әріп (Ш) Жарайсыңдар! Енді Ш әріпінен басталатын сөздер айтып көрейік Балалар бүгін қандай дыбыспен таныстық? И дыбысы қандай дыбыс? И дыбысынан басталатын сөздер айтайықшы Жарайсыңдар!	
Саралау	Оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Бағалау	Балалар өз-өздерің бағалайды. Жұлдызшаны кемпірқосаққа жабыстырады. -Өте жақсы көк түске -Жақсы сары түске -Нашар қызыл түске Сөздегі дыбыстардың түрлерін(дауысты/дауыссыз,жуан және жіңішке дауыстылар) біледі Дыбыстарды дұрыс айтады Ии дыбысын ауада жазады Ии дыбысын дәптерге жазады	Уақытында слайдты пайдалану, оқушылардың партада отыруда гигиеналық талаптардың орындалуын, ширату жаттығуларын өткізу арқылы сақталады.
Рефлексия	Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?Жеткізбесе неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды?	